

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 154-155.

ӘОЖ. 8214 (045)

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ – АСА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Магаметова Х., 1 курс студенті

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Тіліміздің өрісін кеңейтіп, дамытудың басты шарттарының бірі – тіл тазалығын сақтау. Қазіргі уақытта тіліміздің шұбарланып, өзге тілден кірме сөздер толассыз еніп жатыр.

Тіл тазалығын сақтау және қазақ тілін дамыту мәдени мұра мен жеке дамуды сақтауға қосатын маңызды үлес болып табылады.

Тілдің тазалығы-жанның тазалығы. Тіл – бұл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар біздің ойларымыздың, сезімдеріміздің және құндылықтарымыздың көрінісі.

Тілдің тазалығы мен ақыл-ой тазалығы бір-бірімен тығыз байланысты.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың құндылықтарын, тарихы мен мәдени мұрасын да қамтиды.

Тілді таза ұстау оның ережелеріне, грамматикасына және тіл байлығына ұқыпты қарауды білдіреді. Бұл сонымен қатар, тілде көрініс табатын ұлттық әдет-ғұрып, дәстүрлерді қамтиды. Тіл таза және шұбар болмаса, бұл ұлттың мәдени құндылықтары мен оның бірегейлігін сақтауға оң ықпал етеді.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Үкіметі білім беру саласында қарқынды реформалар жүргізіп, бірқатар инновациялар енгізді. Бұл реформалар кеңестік дәстүрлерден батысқа бағытталған жүйеге көшу мақсатында білім беру секторын жаңғыртуға бағытталды. Бұл үдеріс қазақтың дәстүрлері мен ұлттық бірегейлігін сақтау, қазақ тілінің даму барысына өз ықпалын тигізді [1]. Расында қазақ тіліне батыс сөздерінің толассыз енуі, халықаралық терминдердің аудармасыз қабылдануы тіліміздің шұбарлануына себеп болып отырғаны белгілі.

Тілдің тазалығы мәдени мұраны сақтау мен жоғары сапалы қарым-қатынастың маңызды аспектісі болып табылады. Сауатты қарым-қатынас үшін тіл үйренушіге қажет:

1. Грамматика мен емлені үйрену: қазақ тілінің грамматикасы мен емле ережелерін білуі. Сауаттылықты арттыру үшін оқулықтар мен ресурстарды пайдалануы;

2. Жазу тәжірибесі: қазақ тілінде үнемі жазу сөйлеу дағдылары мен байлығын жақсарту;

3. Кітап оқу: кітаптарды, мақалаларды және басқа әдебиеттерді қазақ тілінде оқу сөздік қорыңызды кеңейтуге және сөйлемдерді қалай дұрыс құру керектігін жақсы түсіну;

4. Ана тілінде сөйлейтіндермен сөйлесу: қазақ тілінде сөйлейтіндермен сөйлесу сізге қалай дұрыс сөйлеу керектігін және әртүрлі контексте қандай өрнектер ең орынды екенін түсіну;

5. Білім беру бағдарламаларын қолдау: тілді таза ұстауға бағытталған білім беру бағдарламалары мен бастамаларға қатысу;

6. Таза сөйлеу -жаргонизмнен аулақ болу.

Тіл тазалығы – сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі. Тіл тазалығы – ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауы. Алайда, бөтен тілден сөз алмай, таза қазақ тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болуы мүмкін емес. Себебі, тіл де тірі ағза секілді үнемі қоғалыста, даму үдерісінде өмір сүреді. Жаңа ұғымдармен бірге жаңа атаулар сөз айналымына еніп отыруы заңды құбылыс. Әр адамның таным деңгейі мен ой-өрісі оның алған білімінің арқасында кеңейіп отырады. Тіліміздің мол байлығын игерген, сөз мағыналарын терең түсінген адамның сөз қолданысы ерекше болады. Ондай адамдар әр сөзді мән-мағынасына қарай қолданады, тілді шұбарламай сөйлейді. Жаргондар мен варваризмдерден аулақ болады. Демек, сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар дамытып, өзгелерге үлгі болады. Тіл мәдениетін баланың бойына қалыптастыру – халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиет арқылы жүзеге асады.

Қазірге кезде көшедегі маңдайшалар мен басқа да жерлердегі сауатсыз жарнамалар мен тікелей аудармалар өте көп. Сондықтан таза сөйлеу мәселесімен қатар, сауатты жазу, дұрыс аударма жасау мәселесіне де көңіл бөлінуі қажет. Жастардың дұрыс әрі таза сөйлеу мәдениетін қалыптастыру барысында мектептің алар орны ерекше. Мұғалім әдеби тілдегі сөздердің мағынасы мен эмоционалдық сипатын балаға талдап, түсіндіріп отыруы керек.

Мектеп мұғалімдері шешенік сөздердің астарын айқындап, балаға жан-жақты ұғындырып отырғаны дұрыс. Сонда ғана бала көшенің қарабайыр лексикасын қолданудан аулақ болып, мағыналы сөздерді қолдануға тырысады. Академик Р.Сыздық: «Тіл мәдениеті проблемалары отбасы тәрбиесімен, мектептегі оқу ісімен, жалпы әр алуан оқу-тәрбие орындарының нақты жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Бұдан да биіктеу қарасақ, тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдерімен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады» [2] деп мектеп оқушысының тіл мәдениетін игеру мәселесіне мән береді. Ал профессор Б. Момынова: «Тілдің тек қана жазба түрі емес, ауызекі тілдің де жағымсыз құбылыстарға бой алдыруына, жастар тіліндегі жасандылықтың шексіз көбеюіне, тіл мен сөйленістің техникалық сөздермен қойыртпақталуына қарсы әрекеттердің басын ұйыстыруы да – лингвоэкологияның міндеті» [3] дейді.

Тұрмыста кеңінен жұмсалатын жалпықолданыстағы сөздер аударылып, жаһандану барысында ғылым мен техникаға қатысты интертерминдер кірме сөздер қабатын байытып жатыр. Техниканың жаңадан пайда болған соңғы жетістіктері өмірге өзімен бірге жаңа атау ала келеді. Мәселен, инстаграм, фейсбук, телеграмм сияқты әлеуметтік желі атаулары әлемдік бірегей атаумен жұмсалады. Бұл атаулар ауызекі сөйлеу тілінде сол қалпында қолданылады. Оларды қазақшалау түсінбестікке әкелуі мүмкін. Алайда кірме сөздерді қабылдағанда қазақ тілінің мүмкіндігін барынша пайдаланған жөн.

Бұл жөнінде ғалым Анар Салқынбай «Сөйлеу тілі – халық тілі. Тілдің негізгі қайнар бұлағы, тілдік бірліктерді жасаушы, қолданушы қара қазаны – халық тілінің тазалығын сақтау парыз» [4] деп өркениетке қатысты атауларды да барынша байыппен бағамдап қабылдау керектігін айтады.

Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген сөзін әрдайым есте ұстағанымыз жөн. Рас, сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға жеткізе алады. Көп алдында шешен сөйлеу – білім мен тәжірибенің жемісі. Атақты Бұқар жыраудың «Қол бастау қиын емес, сөз бастау қиын» деген ұлағатты сөзі бар. Бұл – көптің алдында сөз сөйлеуге, ойын ортаға салатын адамға зор жауапкершілік жүктейді дегенді білдіреді.

Қорыта айтсақ, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, жастарды таза сөйлеуге дағдыландыру, тілге деген құрметін арттырып, отансүйгіштікке баулу – күн тәртібінен ешқашан түспеуі керек.

*Ғылыми жетекшісі Нуржанова А.С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Yembergenova, D., et al. (2024). "Teachers' perceptions of the recent curriculum reforms: a case study on Kazakhstani teachers' utilization processes for the new course plan for English." *Cogent Education*, 11.1.
- 2 Сыздықова, Р. (1997). *Сөз құдіреті*. А., 210.
- 3 Момынова, Б. (2006). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Оқу құралы. Алматы, 210.
- 4 Салқынбай, А. (2010). «Ана тілі» газеті.